

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті

Педагогика және психология кафедрасы

Педагогика және психология даярлау бағыты бойынша академиялық комитет мәжілісінің
№ 8 хаттамасынан көшірме

Түркістан қаласы

«22» 04.2024ж.

Қатысқандар: АҚ төрағасы: п.ғ.к., доцент м.а. А.Қ.Рысбекова, АҚ мүшесі, академиялық персонал С. Алимбекова, АҚ мүшесі, академиялық персонал П.Қ.Искакова, АҚ мүшесі, академиялық персонал п.ғ.к., доцент Ж.Н.Садуова, АҚ мүшесі, академиялық персонал PhD аға оқытушы Ж.Бураева, АҚ мүшесі, академиялық персонал аға оқытушы С.У.Паштанов, АҚ мүшесі, академиялық персонал магистр оқытушы Д.С.Жарқынбаева. Т.Б.Мендибаева - М.Әбенова атындағы жалпы білім беретін КММ директоры- АҚ жұмыс беруші өкілі, А.Т.Кенжалиев - Түркістан Ахмет Ясауи кәсіби колледжінің директоры АҚ жұмыс беруші өкілі, Ж.Ж. Азретбергенова Ж.Ташенов атындағы "№23 ІТ мектеп-лицей" КММ директоры, АҚ жұмыс беруші өкілі, А.Мұхтар - білімгерлер өкілі

Қатыспағандар: - жоқ

Күн тәртібі:

1. ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау
2. ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау
3. ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындау.
4. Сәуір айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тындалды:

АҚ төрағасы А.Рысбекова.: Саламатсыздар ма, құрметті педагогика және психология даярлау бағыты бойынша академиялық комитет мәжілісінің мүшелері, наурыз айындағы мәжілістің күн тәртібіндегі қарастырылатын мәселелерге келетін болсақ: бірінші мәселе, ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау, ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау, ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындау. Бүгінгі мәжілісте осы аталған үш мәселе бойынша атқарылған жұмыстарды қарастырып, өз ойларыңызды ортаға салып талқылайық.

АҚ мүшесі, академиялық персонал п.ғ.к., доцент Ж.Н.Садуова бірінші мәселе бойынша: ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау. Педагогика және психология бакалавриат деңгейіндегі білім беру бағдарламасы материалдық-техникалық ресурстарды табысты іске асыру үшін барлық қажетті: жеткілікті аудиториялық қормен, мамандандырылған кабинеттермен қамтамасыз етілген. Оқу-әдістемелік құжаттарға жұмыс оқу жоспарлары, академиялық күнтізбелер, элективті пәндер каталогы, барлық пәндер бойынша ПОӘК кіреді. Білім беру бағдарламасының мазмұны бағдарлама атауына сәйкес мамандарды даярлаудың кеңдігін және даярлаудың тереңдігін қамтамасыз етеді. Білім беру бағдарламасы нарық пен жұмыс берушілердің қажеттілігін ескере отырып, сондай-ақ МЖМБС және ҚР БҒМ нормативтік құжаттарының өзгерістерін ескере отырып, жыл сайын жаңартылып отырады. Білім беру бағдарламасы кафедра отырысында, академиялық комитет отырысында талқыланады, оған жұмыс берушілер мен білім алушылар шақырылады. Кафедрада білім беру бағдарламаларының оқу-әдістемелік кешендері және ЖОО

компоненттері мен элективті пәндерінің оқу-әдістемелік кешендері құрастырылып, үнемі жетілдіріліп отырады. Практика базалары анықталған, келісім шарттар жасалынған.

АК төрағасы А.Рысбекова.: ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау барысында 1 қосымша үшін қажетті оқулықтар мен оқу құралдарын сатып алуға факультеттерден ұсыныс беруге мүмкіндік жасауын ББ үшін үлкен қолдау екендігіне тоқталды.

АК мүшесі, академиялық персонал аға оқытушы С.У.Паштанов: ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау. Жеке пәндер бойынша ОПК құрамының біліктілігін арттыру кафедрада анықталып, ұсыныс берілді.

АК мүшесі, академиялық персонал С. Алимбекова: ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындау. 2, 8 қосымша 2023-2024 оқу жылына қыркүйек айында бекітілді. Бұл қосымша бойынша әдебиеттер толық. Ал қазіргі таңда бұл қосымшаның формасы өзгерді. Осы жаңа 1 қосымшаға оқу әдебиеті, оқу-әдістемелік әдебиеттер 100 пайыз түгел, ал ғылыми әдебиеттер 60 пайыз шамасында. ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға және ғылыми әдебиеттерге ұсыныс дайындалу керек.

АК төрағасы: п.ғ.к., доцент м.а. А.Қ.Рысбекова: Сәуір айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау. Желтоқсан айында жоспарланған шаралар қанағаттанарлық деңгейді жүзеге асырылды. АК мүшелері бір ауыздан қолдады.

Шешім:

1. ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау мәлімет үшін назарға алынсын.
2. ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімі анықталып ұсыныс берілсін.
3. ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға ұсыныс берілсін..
4. Сәуір айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қанағаттанарлық деп танылсын.

АК төрайымы:

Хатшысы:

А.Рысбекова

С.Паштанов